

Мұса Шорманұлының патшага қойған сұрағы

1855 жылдың акпан айында Санкт-Петербург қаласына орта жуз қазактарынан сайланған төмөндегі адамдардан тұратын депутаттар тобы Ресейдің мұрагер императоры II Александрға тәж кигізу жорасына қатысуға барады: Баянаула округінің аға сұлтанды Мұса Шорманов, Қарқаралы округінің Нұрбике - Шаншар болыстығының би Тәттімбет Қазанғапов, Сібір қазактары басқармасының кеңесшісі Шыңғыс Уәлиханов, Ақмола округінің аға сұлтанды Ибраһим Жайықбаев, Ақмола округінің бұрынғы аға сұлтанының баласы Сұлтан Қоңырқұлжа Құдайменов, Баянаула округінің заседателі Секербай Ақпанұлы Малкелдин, Ақмола округінің Әлеке-Байдалы болыстығының басқарушы Аққошар Кішкентаев, Қекшетау округінің Есенбай-Карауыл болыстығының би Шөбек Байсарин.

Тәж кигізу жорасы салтанатынан кейін 2 наурыз күні Сібір қазақтары депутаттар тобы император II Александрдың қабылдауда болады. Сондағы қабылдауда болған әңгіме барысында патша Мұса Шормановқа: «Маған қоятын сұрағың бар ма?» - дегенде, ол ұшып турегеліп:

- Просил бы Ваше Высочество дать свободу моим землякам, находящимся в ссыл-

ке и тюрьмах, которые попали туда из-за своих темноты и невежества, - дейді.

Сонда патша Ағзам Мұсаға қөзін қадап:

- Я рассмотрю Вашу просьбу, - деп қысқа түрде жауап береді.

Сәдуақас Мұсағының термесі

Отпес пышақ, шабан ат
Басыңа қорлық келтірер.

Жаман құрбы әзіл

Ажалдан бұрын өлтірер.

Жақсы болса алғаның,

Жағаның кірін кетірер.

Жаман болса алғаның,

Басыңнан бақыт кетірер.

Бетіңен алып арсылдап,

Үй ішінен ит үрер,

Абысын-ажын, келінге

Тұздегі жаудай жекірер.

«Сақтай гәр, - деп, - кесірден»,

Алыс-жақын түңілер.

Ит үрер танымған алысына,

Үрмейді көріп жүрген танысына.

Адамның иттен жаман бір мінезі

Қарамайды алыс, жақын, халисына.

Сонғы өлең жолындағы «халис»

(халисум) - араб сөзі, адал деген

мағынаны білдіреді.